
ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS

DOI 10.31489/2023Ph2/6-12

ӨОЖ 811.111:811.512.122

Н.М. Тукешова¹

Қазан Федералды университеті, Қазан, Ресей
(e-mail: tukeshova_nurgul@mail.ru)

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі антоним компонентті фразеологизмдер (салғастырмалы талдау)

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі таңдағы фразеологияны зерттеуге деген ғалымдардың қызығушылығында болып отыр. Ағылшын және қазақ тілдері әр құрылымды тілдер болғандықтан, фразеологизмдердің жасалуында да әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері болатыны анық. Сондықтан антоним компонентті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау жүргізудегі мақсат екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын олардың сөз таптарына қатысын зерттеу барысында анықтау. Зерттеудің нысаны антоним компонентті фразеологизмдер болғандықтан, зерттеу барысында әртүрлі фразеологиялық сөздіктерден антоним компонентті фразеологизмдер іріктеп алынған. Сонымен қатар оларды келесі құрылымдық-грамматикалық топтарға бөліп қарастырған: субстантивті, адъективті, адвербиалды және етістікті антоним компонентті фразеологизмдер. Зерттеуде антоним компонентті фразеологизмдердің ұйытқы компоненттерінің морфологиялық көрінісі, фразеологизм құрамындағы компоненттердің синтаксистік байланыс түрлері талданған. Зерттеу нәтижесінде фразеологиялық сөздіктерден іріктелініп алынған фразеологизмдердің қай сөз таптарына жататыны, олардың екі тілде қай түрі өнімді, қай түрі өнімсіз екені анықталды. Фразеологизмдердің белгілі бір сөз таптарына қатысын анықтауда олардың тұтастай алғандағы беретін мағынасына сүйенген.

Кілт сөздер: фразеологизм, антонимді компонент, салғастырмалы зерттеу, ағылшын тілі, қазақ тілі.

Kipicne

Тіл білімі ғылымы қазіргі таңда әртүрлі бағытты болып келеді. Осыған орай жан-жақты зерттеу көптеп орын алуда. Солардың бірі бір-бірімен туыстас емес, әр құрылымды тілдердің белгілі бір жүйесін салғастыра зерттеу, соның ішінде олардың фразеологиялық жүйесін зерттеу ғалымдар арасында өзекті мәселе екені сөзсіз.

Фразеологизмдер қай тілдің болмасын сөздік қорында өзіндік орны бар екені даусыз. Олар қай тілге тиесілі болса, сол тілдің бұрыннан бері келе жатқан өмірін көрсетеді, ұлттың мәдениетімен бірге дамып келе жатқан байлығы болып табылады. Фразеологизмдер экспрессивті-эмоциялық, бейнелілік, суреттеме қасиеттермен көзге түседі [1; 213]. Оларды екі тіл аумағында зерттеу нәтижесінде олардың тілдік табиғатының ерекшеліктерін, құрылымдық айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік туады. Қазіргі таңда әртүрлі тілдер негізінде фразеологизмдерді құрылымдық-грамматикалық, лексика-семантикалық, этимологиялық тұрғыдан топтастыру, сонымен қатар олардың тілаларлық байланыстарын, яғни баламалы және баламасыз фразеологизмдерді анықтау, т.б. тұрғысынан көптеген зерттеулер жүргізілуде.

Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tukeshova_nurgul@mail.ru

Сонымен, фразеологизмдер мағынасы жағынан ажыратылмай, тұтасынан бір бүтін мағынаны білдіретін, алайда сөз тіркесінің бүтін мағынасы лексикалық сыңарлардың мағыналарының бірігуінен пайда болатын фразеологиялық сөз тіркестері болып табылады [2; 106].

Фразеологизмдер сан түрлі компоненттермен қолданылып, алуан түрлі болып келгенімен, барлығын түйістіретін ортақ белгісі тұжырымдылық болып табылады, олар сөздің мәйегін келтіріп, ажарын ашып, қорытынды ой беру үшін қызмет етеді [3; 108].

Біздің зерттеуіміздің нысаны антоним компонентті фразеологизмдер болып табылады. Белгілі бір компоненттің болуымен жасалған фразеологизмдерді зерттеу қазіргі кезде өзекті мәселе болып келеді, өйткені ол фразеологизмдердің көптеген маңызды мәселелерін шешуге, компоненттердің фразеологиялық мағынаны қалыптастырудағы атқаратын рөлін анықтауға өз ықпалын тигізеді.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдер мәселесін орыс және шет елдік зерттеушілер әртүрлі аспектілері тұрғысынан зерттеген, атап кетсек, олар А.В. Кунин, Л.П. Смит, Н.Н. Амосова және т.б. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді алғашқылардың бірі болып І. Кеңесбаев жан-жақты зерттеп бастаған болатын, оның зерттеулерінің негізінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегі жарық көрді. Бір-біріне туыс емес, әртүрлі құрылымды тілдерді салғастыра зерттеу мәселесі ғалымдардың қызығушылығына ие болып, қазіргі таңда көптеген зерттеулер пайда болуда. Айта кетсек, біздің зерттеу нысанымызға жақын тұрғыда Г.М. Полькина ағылшын және татар тілдеріндегі антоним компонентті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау жүргізген болатын. Ол өзінің зерттеу жұмысында фразеологизмнің құрамындағы антонимдік компонентті құрылымдық, семантикалық жағынан, сонымен қатар компоненттер арасындағы синтаксистік байланыстарды талдап, тіларалық қатынас мәселелерін, олардың түрлерін, эквивалентті фразеологизмдерді анықтау тәсілдерін қарастырған болатын. Қазақ тіл білімінде антоним компонентті фразеологизмдер әлі зерттелмеген, алайда Г.Т. Сырлыбаеваның «Қазақ тіліндегі қарсы мәндес фразеологизмдердің парадигмалары» атты зерттеу жұмысын атап өтуге болады. Ол қарсы мәндес фразеологизмдердің семантикалық сипатын, яғни оларды полисемия құбылысымен байланысын, энантиосемияны қарастырып, оппозиция әдісі негізінде жіктеді, қарсы мәнді фразеологизмдердің контексте көріну ерекшеліктері мен олардың стильдік және прагматикалық қызметін анықтады. Г.Т. Сырлыбаева бір ғана фразеологизм құрамында екі компоненттің антонимдік жұп құру қасиетінің жиі ұшырасатынын да атап өтті [4; 33]. Алайда зерттеуші бір фразеологизмнің ішінде антонимдік компонент болуы олардың антоним фразеологизмдер болуына негіз болмайды дей келе, бұл мәселеге одан әрі тоқталмайды.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің деректері ағылшын және қазақ тілдеріндегі антоним компонентті фразеологизмдер болып табылады. Сол себепті зерттеуде ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі бір тілді және екі тілді фразеологиялық сөздіктерден антоним компонентті фразеологизмдер жаппай іріктелініп алынды. Іріктеу кезінде біз фразеологизмдердің құрамындағы антонимдік компоненттердің болуына басты назар аудардық, яғни бір ғана фразеологизмнің ішінде бір-біріне мағынасы қарама-қарсы екі не одан да көп компоненттің болуы шартты түрде. Фразеологизмдердің сөз таптарына қатысын, олардың өзара ұқсастықтар мен ерекшеліктерін анықтауда құрылымдық-грамматикалық тұрғыдан қарайтын боламыз. Фразеологизмдердің сөз табына қатысын анықтаудағы басты критерий олардың тұтас қалпында білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі [5; 205] және оны негізгі сөз бен жалпы тіркестен туатын фразеологиялық мағынаны салыстыра отырып шешу қажет [6; 24]. Зерттеу барысында фразеологизмдерді жаппай іріктеу, салғастырмалы талдау, фразеологиялық идентификация әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Қазақ тілінде фразеологизмдерді сөз таптарына қатысы бойынша Г.Н. Смагулова келесі топтарға бөледі: етістік мағыналы, есім мағыналы, үстеу мағыналы, одағай мағыналы фразеологизмдер, модаль сөздерден жасалған және сөйлеу дағдысында қолданылатын фразеологизмдер. Ол шартты түрде фразеологизмдердің семантикалық құрылымын, ішкі мағына тұтастығын және сөйлемдегі атқаратын қызметін негізге алған [6; 25]. Ә. Қалиев пен Ә. Болғанбаев оларды сөз таптарына қатыстылығы жөнінен ең көп кездесетін төрт негізге топқа бөледі, олар: етістік мағыналы, зат есім мағыналы, сын есім мағыналы, үстеу мағыналы фразеологизмдер [5; 205]. І.К. Кеңесбаев та фразеологизмдерді сөз таптарына бөліп қарастырудың маңызын атап өтеді. Алайда ол фразеологизмдердің ішінде мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деуге кесімді тұжырым жасауға болмайды деп аңғара ке-

ле, белгілі бір сөз табының қызметіне жуықтайтын ғана фразеологизмдер бар деп түйіндейді [7; 617]. Яғни олар зат есімге жуықтайтыны (көк ми), етістікке жуықтайтыны (арқа сүйеді), үстеуге жуықтайтыны (қас пен көздің арасында), сын есімге жуықтайтыны (ит жанды), және т.б. атауға болады [7; 617]. Ал ағылшын тіліне келетін болсақ А.В. Кунинді атап өту керек. Зерттеуші фразеологизмдерді субстантивті, адъективті, адвербиалды және етістікті фразеологизмдер деп бөліп қарастырады.

Біз фразеологизмдерді талдау барысында А.В. Кунинді ұсынған жіктемесіне жүгіндік. Фразеологиялық сөздіктерден іріктеліп алынған фразеологизмдер негізінде біз антоним компонентті фразеологизмдерге талдау жасай отырып, олардың сөз табына қатысы бойынша келесі негізгі топтарға қатысын анықтадық, олар: субстантивті, адъективті, адвербиалды және етістікті антоним компонентті фразеологизмдер.

Субстантивті антоним компонентті фразеологизмдер затты, сонымен қатар сол аталған заттың сын сипат жағынан қандай екенін білдіріп, әсерлеу немесе бейнелеу жолымен эмоциялы-экспрессивті рең беретін тіркестер [6; 28]. Сөйлемде көбінесе бастауыш, толықтауыш қызметін атқарады. Олар грамматикалық құрылымы жағынан да, компоненттік құрамы жағынан да зат есімдік сөз тіркестерімен сәйкес келеді. Жинақталған фразеологизмдер негізінде субстантивті антоним компонентті фразеологизмдер ағылшын тілінде өнімділігі бойынша екінші орында, ал қазақ тіліне келсек, олар едәуір аз мөлшерде кездеседі. Субстантивті фразеологизмдер салалас және бағыныңқы байланыс арқылы жасалған. Бағыныңқы байланыс ағылшын тілінде предлогтар арқылы жасалады: *a little frog in a big pond* — үлкен топтағы елеусіз адам [8; 300]. Келтірілген мысалда *a little frog* және *a big pond* тіркестері «in» предлогы арқылы байланысқан. Қазақ тілінде септік жалғаулары арқылы жасалады: *ұзын сөздің қысқасы* — сөздің тоқ етері [9; 76]. Салалас байланыс екі тілде де жалғаулықтар арқылы жасалады. Ағылшын тілінде «and» ыңғайлас жалғаулығы мен «or» талғаулы жалғаулығы, ал қазақ тілінде «мен, пен» және «әрі» ыңғайлас жалғаулықтары мен «я» талғаулы жалғаулығы қолданылады. Мысалы: *beauty and the beast* — сұлу қыз бен құбыжық [8; 72]; *ақ пен қара* — дұрыс-бұрысы [7; 25].

Субстантивті антоним компонентті фразеологизмдерге мыналар жатады:

An arm and a leg — көп ақша [10; 2];

Ebb and flow — жеңіліс пен жеңіс [8; 24];

Өмір я өлім мәселесі — үлкен маңызы бар мәселе [11; 36];

Көзінің ағы мен қарасы — ең ардақтысы, әлпештеп өсірген таңдаулысындай [7; 263].

Фразеологиялық сөздіктерден жинақталған субстантивті фразеологизмдердегі антонимдік компоненттерге келсек, олардың құрамында контрарлық (*a little frog in a big pond* — үлкен топтағы елеусіз адам; *ақ пен қара* — дұрыс-бұрысы), комплементарлық (*a matter of life and death* — өмір мен өлім мәселесі, маңызды мәселе; *өмір я өлім мәселесі* — үлкен маңызы бар мәселе) және контекстуалды антонимдер (*bouquets and brickbats* — мақтау және балағаттау; *әрі күлкі, әрі түрпі* — күліп тұрып, күнәсін де біліп тұру) кездеседі. Аталған фразеологизмдер құрамындағы антоним компоненттер фразеологизмдерге бейнелілік сипат береді.

Адъективті антоним компонентті фразеологизмдердің семантикалық негізі сапа ұғымы, ал мағынасын анықтаушы компоненті сын есім болып келеді. Оларды ағылшын тілінде де қазақ тілінде де кездестіруге болады. Зерттеу үстіндегі материалдың негізінде ағылшын тіліне қарағанда қазақ тілінде адъективті антоним компонентті фразеологизмдер көп кездеседі. Құрылымы жағынан компаративтік және компаративтік емес адъективті фразеологизмдер деп бөлінеді. Адъективті компаративтік фразеологизмдер, көбінесе құрамындағы екі компонентті салыстыру мақсатында қолданылады. Олар адамдардың әр түрлі қасиеттерін білдірумен қатар, заттар мен құбылыстардың да сапасын, қасиеттерін білдіреді. Компаративті адъективті фразеологизмдерге келесі мысалдарды келтіруге болады: *as clear as mud* [8; 62], мұндағы *clear* (анық) сөзі *mud* (балшық) сөзімен салыстырылып тұр, бірінші компонент *clear* (анық) сөзінің мағынасын екінші компонент *mud* (балшық) сөзі күшейтіп тұр. Мұнда *clear* (анық) және *mud* (балшық), зерттеу жұмысымыздың нысаны, яғни антонимдік компоненттер болып табылады. Бұл фразеологизмнің мағынасы «түсініксіз» дегенді білдіреді. Егер де бұл фразеологизмнің бір компонентін басқа сөзбен алмастырсақ, мысалға *mud* сөзін *dirty* сөзімен, онда фразеологизмнің мағынасының өзгерімен қатар, ол фразеологиялық қасиетінен де айырылады. Демек, бұдан аңғаруға болатыны, фразеологизмнің мағынасының тұтастығы мен тұрақтылығы болып табылады. Қазақ тілінде *қойға шапқан қасқырдай* мысалын келтіруге болады. Мұнда *қой* және *қасқыр* сөздері антоним болып келеді. Ағылшын тілінің қазақ тілінен өзгешелігі компаративті адъективті фразеологизмді жасау *as* немесе *like* жалғаулықтары қолданылады, ал қазақ тілінде есім сөзден сын есім тудырушы теңеулік сипаттағы *-дай, -дей* жұрнақтары арқылы жасалады. Компаративтік емес адъективті

фразеологиялық бірліктерге келесідей фразеологизмдерді жатқызуға болады: *sweet and sour* — қыш-қылтым [12; 665]; *алды-артын білмейтін — жөн білмейтін, тоң мойын* [7; 34]. Қарастырылып жатқан фразеологизмдер арасында компаративті емес адъективті фразеологизмдер компаративті адъективті фразеологизмдерге қарағанда екі тілде де көп кездеседі.

Адъективті антоним компонентті фразеологизмдерге келесі фразеологизмдерді жатқызуға болады:

Open and shut — оңай, қиын емес [8; 554];

As clear as mud — түсініксіз [8; 62];

Ыстық-суықты көрген — дүниенің бар қиыншылығын бастан кешкен [7; 577];

Есік пен төрдей — үлкен, ұзындығы табалдырықтан сыйлы орынға дейін [1; 70].

Адъективті фразеологизмдер құрамында комплемантарлық (*open and shut* — оңай, қиын емес), контрарлық (*ыстық-суықты көрген* — дүниенің бар қиыншылығын бастан кешкен) және контекстуалды қарама-қарсылықтар (*as clear as mud* — түсініксіз; *есік пен төрдей* — үлкен, ұзындығы табалдырықтан сыйлы орынға дейін) кездеседі.

Адвербиалды антоним компонентті фразеологизмдер нәрсенің я құбылыстың іс-қимылының бейнелік, мезгілдік, мекендік, сындық, шарттық, мөлшерлік күй жағдайын және сындық белгісін білдіреді [6; 29]. Сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады, сонымен қатар олар ағылшын тілінде етістікке жалғанып постпозитивті немесе одан шеттеліп препозитивті күйде қолданылуы мүмкін, ал қазақ тілінде көбінесе препозитивті күйде тұрады. Адвербиалды фразеологизмдер салалас және бағыныңқы құрылымды болып келеді. Біріншісіне *far and near* — барлық жерде [8; 263], *оң мен түстей* — бір сәтті елестей [7; 435] сияқты ағылшын тілінде «and», ал қазақ тілінде «мен» ыңғайлас жалғаулықтары арқылы жасалған фразеологизмдерді жатқызуға болады. Ал екіншісіне, яғни бағыныңқы құрылымды фразеологизмдерге *from start to finish* — басынан аяғына дейін [8; 715], *ертеден қара кешке дейін* — күні бойы [9; 106] секілді фразеологизмдерді жатқызуға болады. Бұнда ағылшын тілінде предлог (from, to), ал қазақ тілінде септеулік (дейін) қолданылған. Қазақ тіліндегі септеуліктің қолданылуы оның алдындағы компоненттердің белгілі бір септікте тұруын талап етеді.

Адвербиалды антоним компонентті фразеологизмдерге мыналарды келтіруге болады:

From top to bottom — басынан аяғына дейін [8; 772];

High and low — барлық жерде, төңіректің бәрінде [8; 386];

Жер мен көктің арасында — белгісіз жағдайда (болу) [11; 33];

Өмір мен өлім ортасында — сыни сәтте, өте қиын жағдайда [11; 90].

Адвербиалды фразеологизмдердің құрамындағы антоним компоненттерге келсек, олар негізінен бір заттың сапасын, белгісін, жағдайын екінші затпен салыстыру үшін қолданылады. Фразеологиялық сөздіктерден жинақталған адвербиалды фразеологизмдер құрамында контрарлық (*high and low* — барлық жерде, төңіректің бәрінде), комплемантарлық (*off and on* — анда-санда, кейде; *өмір мен өлім ортасында* — сыни сәтте, өте қиын жағдайда), контекстуалдық (*from cradle to grave* — өмір бойы; *күн демей, түн демей* — әрқашан; *жер мен көктің арасында* — белгісіз жағдайда (болу)) қарама-қарсылықтар кездеседі.

Етістікті антоним компонентті фразеологизмдердің негізгі компоненті етістік болып табылады да, әдетте әр түрлі қимыл, әрекеттерді білдіріп, етістік қызметін атқарады. Іріктеліп алынған фразеологизмдер ішінде ағылшын және қазақ тілдерінде ең өнімді фразеологизмдер болып табылады, қарастырылып жатқан материалдың жартысынан көбін құрайды. Басқа сөз таптарына ұқсастығы, ол да компаративті және компаративті емес етістікті фразеологизмдер болып бөлінеді, жасалу жолдары да ұқсас, яғни компаративті етістік фразеологизм жасау үшін ағылшын тілінде *like* жалғаулығы (*go up and down like a yo-yo* — тербелу), қазақ тілінде -дай, -дей секілді жұрнақтар (*түймедейді түйедей ету* — асыра сілтеу) қолданылған. Ал компаративті емес фразеологизмге келер болсақ, олар ағылшын тілінде предлогтардың көмегімен, ал қазақ тілінде септі жалғауларының көмегі арқылы жасалады: *take a mountain out of a molehill* — асыра сілтеу; *астынан ит жүгіріп, үстінен құс ұшырды* — қорқыту. Етістік фразеологизмдерде антонимдік қатынасқа етістік, зат есім, сын есім, үстеулердің түскені байқалады.

Етістікті антоним компонентті фразеологизмдерге мысалдар:

Give an arm and a leg for — бір нәрсе үшін көп ақша төлеу, өте қымбатқа түсу [13; 8];

Throw out a minnow to catch a whale — үлкен пайда табу үшін кішігірім тәуекел қылу [8; 508];

Өлген-тірілгеніне қарамады — жан-тәнін салды, жанын аямады [7; 430];

Өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай қылды — жалған сөзге сендірді, иландырды [7; 438].

Етістікті антоним компонентті фразеологизмдер құрамында комплементарлық (*өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай қылды* — жалған сөзге сендірді, иландырды), контрарлық (*blow hot and cold* — тұрақсыз болу, үнемі көзқарасын өзгерту; *кең дүние тар болды* — өмірден түңілу), векторлық (*go for wool and come home shorn* — ешнәрсеге алмай (ие болмай), өзінікін жоғалту; *аны кіріп, күні шықты* — әбігерлену), контекстуалдық (*give an arm and a leg for* — бір нәрсе үшін көп ақша төлеу; *түймедейді түйедей ету* — асыра сілтеу) қарама-қарсылықтар кездеседі.

Келтірілген мысалдардан байқауға болатындай фразеологизм құрамындағы антоним компоненттер оның тұтас мағынасында белгілі бір із қалдырады, яғни антонимдік компоненттердің мағыналарын біріктіру арқылы фразеологиялық мағынаны қалыптастыруға болады. Осындай бірліктер мағынаның тұрақтылығы мен тұтастығымен сипатталады [14; 70]. Г.Н. Смагулова фразеологизмдерге тән бір қасиетке оның құрамындағы компоненттер жекеленбей мағынаның тұтастығына тәуелділігі болуы жатады деп пайымдайды [6; 23]. Сондықтан да, бұл топтарға бөлу барысында біз фразеологизмдердің жеке компоненттерінің жеке мағынасына емес, олардың тұтастай алғандағы атқаратын лексика-грамматикалық қызметіне сүйендік. Өйткені фразеологизм құрамындағы антонимдік компоненттер басқа сөз таптарына тиісті болуы да мүмкін, мысалға алатын болсақ, *өмір мен өлім ортасында* фразеологизмінің антонимдік компоненттері *өмір* және *өлім*, олар зат есімге жатады, ал фразеологизмнің тұтас мағынасын алғанда, ол үстеу қызметін атқарады. Яғни, фразеологизмнің тұтас мағынасы қандай да бір құрылымдық-грамматикалық топқа тиесілі болғанына қарамастан, оның құрамындағы антонимдік компоненттер мүлдем басқа қызмет атқаруы мүмкін.

Қорытынды

Осылайша, фразеологизмдердің сөз табына қатысын анықтау дегеніміз оның тұтастай алғандағы мағынасын айқындау болып табылады. Зерттеу негізінде ағылшын және қазақ тілдеріндегі антоним компонентті фразеологизмдердің тілдегі барлық сөз таптарына қатысы бар екендігі анықталды, нақтырақ айтқанда екі тілде де антоним компонентті фразеологизмдер сөйлемде атқаратын қызметіне қарай субстантивті, адъективті, адвербиалды немесе етістікті фразеологизм бола алады. Екі тілде фразеологизмдердің компоненттерінің арасындағы байланыс жасалуында өзгешеліктер байқалынды, яғни фразеологизмдердің арасындағы байланыс ағылшын тілінде предлог, жалғаулық арқылы, ал қазақ тілінде септік жалғаулары, жалғаулықтар арқылы жасалатындығы.

Сонымен қатар фразеологизмдердің негізі сөз таптарына (субстантивті, адъективті, адвербиалды, етістікті фразеологизмдер) қатысын анықтау барысында ағылшын және қазақ тілдерінде етістікті антоним компонентті фразеологизмдер басым болды, ал аз мөлшерде кездескен фразеологизмдерге ағылшын тілінде адъективті, ал қазақ тілінде субстантивті фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Антонимді компоненттер өзі құрайтын фразеологизмдердің мағынасына әсер етіп, олардың тұтас мағынасын анықтаушы негізі болып келеді, бір фразеологизмнің ішіндегі қарама-қарсылықты білдіреді. Олар әдетте белгілі бір нәрсенің, белгінің, сапаның екінші біреуімен салыстыру мақсатында қолданылады.

Бұл мәселе бойынша әрі қарай зерттелу мүмкіндіктері мол. Болашақта антоним компонентті фразеологизмдердің жалпылай да, сонымен қоса оның антонимді компоненттерін жеке де қарастыруға болады, яғни фразеологизм құрамындағы антонимнің түрлерін, олардың құрылымдық ерекшеліктерін анықтау жатады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кожаметова Х.К. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік=Казахско-русский фразеологический словарь / Х.К. Кожаметова, Р.Е. Жайсакова, Ш.О. Кожаметова. — Алма-Ата: Мектеп, 1988. — 224 с.
- 2 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе / К. Аханов. — Алма-Ата: Қазмемокүпедбас, 1962. — 300 б.
- 3 Кыдырмолдина Э.Т. Ағылшын, қазақ фразеологизмдері құрамындағы сан компоненттерінің қолданылу ерекшеліктері / Э.Т. Кыдырмолдина, Қ.С. Қалыбаева, А.Ә. Рыспанова // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдарының» сериясы. — 2019. — № 3(69). — Б. 107–111.
- 4 Сырлыбаева Г.Т. Қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02 – қазақ тілі / Г.Т. Сырлыбаева. — Алматы, 2006. — 124 б.
- 5 Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы / Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. — 264 б.

- 6 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы: көмекші оқу құралы / Г. Смағұлова. — Алматы: Санат, 1996. — 128 б.
- 7 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / І.К. Кеңесбаев. — Алматы: Ғылым, 1977. — 712 б.
- 8 Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь / А.В. Кунин. — М.: Рус. яз., 1984. — 944 с.
- 9 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі / Г. Смағұлова. — Алматы: Елтаным, 2010. — 252 б.
- 10 American language course. Book of idioms. Slang, special expressions, & idiomatic language. — Texas: Defense Language Institute English Language Center, 2003. — 67 p.
- 11 Балақаев М.Б. Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік / М.Б. Балақаев. — Алматы: Ғылым, 1985. — 224 б.
- 12 McGraw-Hill's dictionary of American Idioms/ Edit. by R.A. Spears. — McGraw-Hill, 2005. — 1080 p.
- 13 Oxford dictionary of idioms / Edit. by J. Siefring. — Oxford: Oxford University Press, 2004. — 340 p.
- 14 Полькина Г.М. Сопоставительный анализ фразеологических единиц с антонимичными компонентами в английском и татарском языках: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 — «Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание» / Г.М. Полькина. — Казань, 2002. — 241 с.

Н.М. Тукешова

Фразеологические единицы с антонимичными компонентами в английском и казахском языках (сопоставительный анализ)

Актуальность исследования заключается в интересе ученых к изучению фразеологии. Поскольку английский и казахский языки имеют разную структуру, очевидно, что каждый язык имеет свои особенности в формировании фразеологических единиц. Поэтому наша цель при проведении сопоставительного анализа фразеологических единиц с антонимичными компонентами состоит в том, чтобы определить сходства и различия двух языков при изучении их отношения к частям речи. Поскольку объектом исследования являются фразеологические единицы с антонимичными компонентами, в ходе исследования нами были отобраны фразеологические единицы с антонимичными компонентами из различных фразеологических словарей. Также мы разделили их на следующие структурно-грамматические группы: субстантивные, адъективные, адverbиальные и глагольные фразеологические единицы с антонимичными компонентами. В ходе исследования были проанализированы морфологические выражения стрелневых компонентов фразеологических единиц с антонимичными компонентами, типы синтаксической связи компонентов в составе фразеологических единиц. В результате исследования было установлено, к каким частям речи относятся фразеологические единицы, отобранные из фразеологических словарей, какие из них продуктивны, а какие непродуктивны в обоих языках. При определении отношения фразеологических единиц к определенным частям речи мы опирались на их значения в целом.

Ключевые слова: фразеологическая единица, антонимичный компонент, сопоставительное изучение, английский язык, казахский язык.

N.M. Tukeshova

Phraseological units with antonymous components in English and Kazakh (comparative analysis)

The relevance of the research lies in the interest of scientists in the study of phraseology. Since English and Kazakh are languages with different structures, it is obvious that each language has its own peculiarities in the formation of phraseological units. Therefore, our purpose in conducting a comparative analysis of phraseological units with antonymous components is to determine the similarities and differences between the two languages while studying their relationship to the parts of speech. Since the object of the research is phraseological units with antonymous components, in the course of the research we selected phraseological units with antonymous components from various phraseological dictionaries. We also divided them into the following structural and grammatical groups: substantive, adjectival, adverbial and verbal phraseological units with antonymous components. In the course of the research, the morphological expression of the head components of phraseological units with antonymous components, the types of syntactic connection of the components in the composition of phraseological units were analyzed. As a result of the research, it was established which parts of speech the phraseological units selected from phraseological dictionaries belong to, which of them are productive and which are unproductive in both languages. We relied on the whole meaning of phraseological units when determining the relationship of phraseological units to certain parts of speech.

Keywords: phraseological unit, antonymous component, comparative study, English language, Kazakh language.

References

- 1 Kozhakhmetova, Kh.K., Zhaisakova, R.E. & Kozhahmetova, Sh.O. (1988). *Qazaqsha-oryssha frazeologiialyq sozdik = Kazakhsko-russkii frazeologicheskii slovar [Kazakh-Russian phraseological dictionary]*. Alma-Ata: Mektep [in Kazakh, in Russian].
- 2 Akhanov, K. (1962). *Til bilimine kirispe [Introduction to Linguistics]*. Alma-Ata: Qazaq memlekettik oqu pedagogikalyq baspasy [in Kazakh].
- 3 Kydyrmoldina, E.T., Kalybaeva, K.S. & Ryspanova, A.A. (2019). Agylshyn, qazaq frazeologizmderi quramyndagy san komponentterining qoldanylu erekshelikteri [Features of the usage of phraseological units with numeric component in Kazakh and English languages]. *Abai atyntagy Qazaq ulttyq universitetinin Khabarshysy. «Filologiya gylymdarynyn» seriiasy - Abai Kazakh National Pedagogical University. Series «Philological sciences»* [in Kazakh].
- 4 Syrlybaeva, G.T. (2006). Qazaq tilindegi qarsy mändi frazeologizmderdin paradigmalary [Paradigms of phraseologisms with opposite meaning in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 5 Kaliev, G., & Bolganbayev, A. (2006). *Qazirgi qazaq tiliniñ leksikologiasy men frazeologiasy [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language]*. Almaty: Sözdik-Slovar [in Kazakh].
- 6 Smagulova, G. (1996). *Frazeologizmderdin varianttylygy [Variability of phraseologisms]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 7 Kenesbayev, I.K. (1977). *Qazaq tiliniñ frazeologialyq sózdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 8 Kunin, A.V. (1984). *Anglo-russkii frazeologicheskii slovar [English-Russian phraseological dictionary]*. Moscow: Russkii yazyk [in Russian].
- 9 Smagulova, G. (2010). *Maǵynalas frazeologizmdin sózdigi [Dictionary of synonymous phraseology]*. Almaty: Eltanym [in Kazakh].
- 10 *American language course. Book of idioms. Slang, special expressions, & idiomatic language* (2003). Texas: Defense Language Institute English Language Center.
- 11 Balakayev, M.B. (1985). *Oryssha-qazaqsha frazeologiialyq sózdik [Russian-Kazakh phraseological dictionary]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 12 Spears, R.A. (Eds.) (2005). *McGraw-Hill's dictionary of American Idioms*. McGraw-Hill.
- 13 Siefiring, J. (Eds.) (2004). *Oxford dictionary of idioms*. Oxford University Press.
- 14 Polkina, G.M. (2002). Sopostavitelnyi analiz frazeologicheskikh edinit s antonimichnymi komponentami v angliiskom i tatarskom yazykakh [Comparative analysis of phraseological units with antonymous components in the English and Tatar languages]. *Candidate's thesis*. Kazan [in Russian].